

**"Қызылорда облысының білім басқармасының
Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің
"№268 мектеп-лицейі" коммуналдық мемлекеттік
мекемесінде 2023-2024 оқу жылы жүргізілген
Өзін-өзі бағалау жөніндегі есептің
ҚОРЫТЫНДЫСЫ**

Қызылорда – 14 маусым 2024 жыл.

Мемлекеттік аттестаттау нәтижелері бойынша қорытынды

Қызылорда облысы білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің
«№268 мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
(білім беру ұйымының атауы)

Қызылорда қаласы, «14» маусым 2024 жыл,

сағат 17-00 минут

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес, Қазақстан Республикасының
«Білім туралы» Заңын (бұдан әрі-Заң) және

«Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту Министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығын басшылыққа ала
отырып (бұдан әрі – Бағалау өлшем шарттары),

«Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік
ұсынымдарды бекіту туралы» Білім беру саласында сапаны камтамасыз ету комитеті төрағасының 2022
жылғы 27 желтоқсандағы №12 бұйрығы, 2024 жылы 20 наурыз айында білім беру ұйымының өзін-өзі
бағалау туралы №39 бұйрығы басшылыққа алынып, 2023-2024 оқу жылы аралығында «Қызылорда
облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «№268 мектеп-лицейі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінде Өзін-өзі бағалау жүргізілді.

Өзін -өзі бағалау 2024 жылы 20 наурыз айында білім беру ұйымының өзін-өзі бағалау
туралы №39 бұйрығымен бекітілген аттестаттау комиссиясымен (бұдан әрі-комиссия) келесі
құрамда өткізілді:

1. 2023-2024 оқу жылында өзін-өзі бағалау жүргізу үшін төмендегі құрамда мектеп
қызметкерлерінен комиссия құрамы бекітілсін:
- 1) М.Абильдаев – мектеп директоры, комиссия төрағасы
- 2) А.Қалжанова - оқу ісі жөніндегі орынбасары, комиссия төрағасының орынбасары
- 3) Ж.Сарыбаев – оқу ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі
- 4) А.Беделбеков - оқу ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі
- 5) Е.Кулмурзаев - ғылыми-әдістемелік орынбасары, комиссия мүшесі
- 6) М.Кенжебаев - тәрбие ісі жөніндегі орынбасар, комиссия мүшесі
- 7) Ә.Сейпулова - тәрбие ісі жөніндегі орынбасар, комиссия мүшесі
- 8) Л.Байболова - шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары, комиссия
мүшесі
- 9) А.Әбілқасымова - әлеуметтік педагог, комиссия мүшесі

Комиссиямен Бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім беру ұйымдарына бағалау
жүргізу кезінде негізгі бағыттар мен зерделеу объектілері бойынша өзін-өзі бағалау
материалдарына талдау, оның ішінде ұсынылатын білім беру қызметтерінің мемлекеттік
жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкестігіне талдау жүргізілді.

Қызылорда облысы білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің
«№268 мектеп-лицейі» коммуналдық
мемлекеттік мекемесінің өзін-өзі бағалау материалдарын зерделеп, оларды білім беру

саласындағы ақпараттандыру объектілерінде орналастырылған мәліметтермен және ұйымдар мен уәкілетті мемлекеттік органдардың мәліметтерімен салыстыра отырып, комиссия қызметтің сандық және сапалық көрсеткіштеріне бағалау және егжей-тегжейлі талдау жүргізді.

1. Білім беру ұйымы туралы жалпы мәлімет

1) білім беру ұйымының толық атауы.	"Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің" №268 мектеп-лицейі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі
2) білім беру ұйымының орналасқан жері (заңды мекенжайы және нақты орналасқан жерінің мекенжайы).	Қазақстан Республикасы, 120013, Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Ақсуат ауылдық округі, Ж. Маханбетов ауылы, Бодық Жөнбаев, ғимарат №49.
3) заңды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электронды пошта, web-сайт).	Байланыс телефоны: Телефон: 8 (7242) 271740 E-mail: mektep268@mail.ru Веб-сайт: https://268mektep.1-bilim.kz/
4) заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының Т.А.Ә., лауазымға тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі).	Абильдаев Мейрамбек Токмырзаевич. Ұялы телефон: 8 705 467 76 31 Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы «Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінің» 34 -бабы, 139-бабының 1-тармағына, «Мемлекеттік орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының басшыларын конкурстық орналастыру және мемлекеттік мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және қосымша білім беру ұйымының басшысы лауазымына конкурстық тағайындау қағидаларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің 2022 жылғы 02 қарашадағы № 210 н/қ бұйрығына сәйкес Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «№268 мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры қызметіне тағайындалған.
5) құқық белгілейтін және құрылтайшылық құжаттары (жарғының және заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу не қайта тіркеу туралы анықтаманың/куәліктің көшірмесі қоса беріледі).	Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама 2023 жылғы 05 желтоқсанда берілген. Алғашқы мемлекеттік тіркеу күні 07.02.2013 жыл, БСН- 94054000280 Құрылтайшысы: «Қызылорда облысының білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі. Кәсіпорын жарғысы Қызылорда облысының экономика және қаржы басқармасының 22.12.2022 жылғы №01-17-466 бұйрығымен бекітілген.

б) рұқсат беру құжаттары (білім беру қызметіне лицензия және оған қосымша және (немесе) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарламаны жіберу туралы талон).	Білім беруге құқықтық лицензия: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Қызылорда облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті. Лицензия №KZ12LAA00021131, лицензия берілген күні 01.02.2021.
Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары:	
12. Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жаңартылған мазмұнына қойылатын талаптар.	
12.1	білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің болуы және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) талаптарына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген) бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – УОЖ) сәйкестігі; Талдау нәтижелері: 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – ЖББ УОЖ) және МЖМБС талаптарын басшылыққа алып жұмыс оқу жоспары жасалған. 1-11-сыныптарға арналған жұмыс оқу жоспарларында оқу пәндері мен сағат сандары үлгілік оқу жоспары бойынша құрылған. Үлгілік оқу жоспарларына сәйкес жұмыс оқу жоспарында бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру бойынша апталық жүктеме білім беру салалары бойынша пәндерден берілген. Оқу пәндерінің (сабақ) тізбесі апта бойынша жұмыс оқу жоспарына сәйкес регламенттеліп, барлық білім алушылар оқып білуге міндетті оқу пәндері мен білім алушылардың қажеттіліктеріне сәйкес білім беру ұйымы айқындаған құрамдас компонент жұмыс оқу жоспарында бекітілген. 10 -11 сынып оқушыларының өтініштері арқылы жаратылыстану-математикалық бағытта оқытылған. 2021-2022 оқу жылында бастауыш білім беруге 704 сағат, негізгі орта білім беруге 962 сағат, жалпы орта білім беруге 96 сағат, барлығы 1762 сағат апталық жүктеме берілген, 2022-2023 оқу жылында бастауыш білім беруге 602,5 сағат, негізгі орта білім беруге 851,5 сағат, жалпы орта білім беруге 146 сағат, барлығы 1600 сағат, 2023-2024 оқу жылында бастауыш білім беруге 592 сағат, негізгі орта білім беруге 960,5 сағат, жалпы орта білім беруге 258 сағат, барлығы 1810,5 сағат апталық жүктеме берілген. 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарының сабақ кестелері жасалып бекітілген. Кестеде аптадағы өтілетін пәннің атауы мен реті, мерзімі, сыныбы көрсетілген. Сабақ кестесі жұмыс оқу жоспарына сәйкес жасалған. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты бойынша берілген пәндер кестеде қамтылған. Сабақ кестесін құруда әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының нормалары, мектептің материалдық-техникалық базасы мен кадр ресурстары ескеріле отырып, автоматтандырылған бағдарламаларды пайдалану арқылы жасалған. Білім алушылардың бір күндік және апта ішіндегі ой еңбегінің жұмысқа қабілеттілігі динамикасы ескерілген. Сабақ кестесінде апталық жүктеме қамтылған. Оқу- тәрбие үрдісінің жұмыс оқу жоспары мен сабақ кестелері білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес әзірленген

	ҚОРЫТЫНДЫ: «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы 2-қосымша 3-тарау 29-тармақ, 3-қосымша 3-тарау 41-тармақ, 4-қосымша 3-тарау 31-тармаққа сәйкес келеді.
12.2	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8424 болып тіркелген) жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына (бұдан әрі – ЖББ үлгілік оқу бағдарламалары) сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеру; Талдау нәтижелері: Үлгілік оқу жоспарлары сәйкес 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарының оқу жұмыс жоспарлары, сынып журналдары мен сабақ кестелері жасалып, мектеп директорымен бекітілген. 2021-2022 оқу жылында 1-11 сынып аралығында 44 сынып жинағы, 2022-2023 жылы 1-11 сынып аралығында 47 сынып жинағы, 2023-2024 оқу жылдарында 1-11 сынып аралығында 52 сынып жинағы бекітілген. Құжаттар оқу жылдары бойынша зерделенді. Оқу бағдарламаларының базалық мазмұны "Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығына, «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің таңдау курстарының үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрығына сәйкес жасалынып, бекітілген. «Күнделік» электрондық журналынан ақпараттық жүйемен зерделенді. Пәндер бойынша оқу бағдарламаларында оқу пәнінің мазмұны, тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым әрекетінің түрлері қамтылған. Оқу жылына арналған ұзақ мерзімді жоспарда бір оқу жылына арналған оқу мақсаттары қамтылған, бөлімдер мен тақырыптарды меңгеруге жұмсалатын сағат саны көрсетілген, ұзақ мерзімді жоспарға сәйкес бөлімшелерге арналған сағат саны бөлінген, күнтізбелік-тақырыптық жоспарды педагогтар әзірлеп мектептің пән бойынша әдістемелік бірлестік отырысында қарастырып, бекітілген. Оқу бағдарламаларының мазмұны пәндер бойынша негізгі дағдыны үйренуге бағытталып жасалған. Талдау, бағалау және шығармашылық ойлауын дамытуға ықпал ететін түрлі тапсырмалар пәнге сәйкес көрсетілген. Бөлімдер мен бөлімшелердің атаулары нақтыланып, оқыту мақсаттарының реті айқындалған. Оқу бағдарламаларында білім алушылардың зерттеушілік дағдыларын қалыптастыруға бағытталған зертханалық және практикалық жұмыстарды орындау қарастырылған. Практикалық және зертханалық жұмыстар талдауға, жинақтауға, бағалауға, болжауға, есептеуге, түсіндіруге, құбылыстар мен процестердің сапалық және сандық сипаттарын анықтауға, жобалық тапсырмалар орындауға, тәжірибелер және эксперименттер жасау дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Практикалық және зертханалық бақылау және қорытындылау жұмыстарының міндетті минимумы аяқталған. Оқу жылы ішінде бағдарламаларында анықталған бөлімдерді оқытудың бірізділігі сақталып, үлгілік оқу бағдарламаға сәйкес білім беру жүзеге асырылған. Сабақтарды есепке алу үшін оқушылармен сынып журналы жүргізілген, оқу бағдарламасына сәйкес өткізілген сабақтар сынып журналдарына енгізілген. Білім беру ұйымының оқу пәндерінің базалық мазмұны жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес келеді. Пәндердің базалық білім мазмұны игерілген. 1-сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар ескерілген. 2021-2022 оқу жылында жыл қорытындысы бойынша білім сапасы 60%, үлгермеуші оқушы жоқ, үлгерім сапасы 100% болған. 2022-2023 оқу жылында жыл қорытындысы бойынша білім сапасы 61 %, үлгермеуші оқушы жоқ, үлгерім сапасы 100%. 2023-2024 оқу жылының жыл қорытындысы бойынша білім сапасы -65 % Үлгерім 100 %, үлгермеуші оқушы жоқ. Әрбір тоқсанның соңында педагогикалық кеңесте білім алушылардың оқу-үлгерім деңгейі мен сыныптар бойынша өсу, кему өзгерістері талқыланып отырған. Үлгермеуші оқушы жоқ екендігі анықталған. Оқу пәндерінің базалық мазмұнын барлық оқушылар игергендігі анықталды.

	ҚОРЫТЫНДЫ: «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы 2-қосымша 2-тарау 10-24-тармақ, 3-қосымша 2-тарау 11, 22-37-тармақ, 4-қосымша 2-тарау 22-25-тармаққа сәйкес келеді.
12.3	білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру; Талдау нәтижелері: Талдау нәтижелері: 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарында тәрбие процесі білім алушылардың интеллектуалдық, патриоттық, рухани адамгершілік пен дене дамуын қамтамасыз ету мақсатында бірыңғай идеологиялық тәсілдер мен құндылықтарға негізделіп жүзеге асырылған. Тәрбие жұмысы барлық мүдделі тараптар: отбасы, білім беру ұйымы, қоғамның жаппай қатысуымен кешенді түрде өткізілген. Тәрбие жұмысының жоспары бекітіліп, жоспарға сәйкес жұмыстар жүргізілген. 2021-2022 оқу жылына арналған тәрбие ісі жөніндегі орынбасардың жылдық тәрбие жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығына 2-қосымша, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу – тәрбие жүйесі білім берудің барлық деңгейлерінде бірыңғай идеологиялық және құндылықтар тәсілдерінен құралған. Тәрбие жұмысын ұйымдастырудың негізгі нормативтік құқықтық құжаттары басшылыққа алынған. Тәрбие жұмысының мақсаты айқындалған, міндеттері белгіленген. 2021-2022 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жылдық жоспары 8 бағыт арқылы жүзеге асырылған. Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие. Мақсаты: Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азаматты және патриотты; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін; балалармен жастардың құқықтық санасын, оларда балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық - зомбылыққа қарсы тұру даярлығын қалыптастыру. Рухани-танымдық тәрбие. Мақсаты: Тұлғаның қазақстандық қоғам өмірінің жалпыадамзаттық құндылықтарымен, нормаларымен және дәстүрлерімен келісілген рухани-адамгершілік және этикалық ұстанымдарын, моральдық қасиеттерін және көзқарастарын қалыптастыру. Ұлттық тәрбие. Мақсаты: Тұлғаны ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға, ана тілін және мемлекеттік тілді, қазақ халқының, Қазақстан Республикасындағы этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуге бағдарлау. Отбасылық тәрбие. Мақсаты: Ата-аналарды оқыту, бала тәрбиесінде олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін және жауапкершіліктерін арттыру. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие. Мақсаты: Тұлғаның өзін кәсіби анықтауына саналы қарым-қатынасын қалыптастыру, экономикалық ойлауын және экологиялық мәдениетін дамыту. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие. Мақсаты: Тұлғаның жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту, білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құру. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу. Мақсаты: Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндігін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық мәдениетін дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты. Мақсаты: Салауатты өмір салты, дене дамуы және психологиялық денсаулық сақтау дағдыларын, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату. Тәрбие жүйесінің құрылымы: - Әлеуметтік – педагогикалық қызмет; - Құқық бұзушылықтың алдын-алу кеңесі; - «Адал ұрпақ» еріктілер клубы; - Психологиялық-педагогикалық қызмет; - Ата-аналармен жұмыс; - Сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестігінің жұмысы; - Салауатты өмір салты орталығы; - Мектептен тыс мекемелермен байланыс жұмыстары; - Қамқоршылық кеңесі; - «Мектеп парламенті»

жобасы. –«Оқуға құштар» мектеп жобасы. –«Театр» жобасы. –«Жас ұлан», «Жас қыран» ұйымы. –«Адалдық алаңы» жобасы. –«Отбасы- орта мектеп» жобасы. Тәрбие жұмысының 8 бағытына сәйкес, мектепте әртүрлі жобалар іске асырылған. «Адалдық алаңы», Мектеп парламенті», “Оқуға құштар мектеп”, «Театр сабағы», «Ұлттық пікірсайыс» турнирі, «Отбасы орта мектеп», “Жас ұлан” және “Жас қыран” балалар ұйымы, «Мектеп парламенті», «Ұлттық ойындар – асыл мұрамыз»,

«Мектеп театры», «Экология және еңбек», "Дұрыс тамақтану мектебі", «Еріктілер» қозғалысы жобалары. Құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында мектеп оқушылары арасында жұмыс жүргізілген. Жолда жүру қауіпсіздігін сақтау, сөйлеу, ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту, көлік жайлы білімдерін қалыптастыру, аттарын, түрлерін ажырату мақсатында түрлі шаралар атқарылған. Осы аталған бағыттар бойынша іс – шаралар жоспары құрылып, құрылған жоспар бойынша жұмыстар жүзеге асырылып отырған. 1 қыркүйек – білім күні «Сыңғырла, алғашқы қоңырау» салтанатты шара өтіліп, Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығы аясында 1-сынып оқушыларына әліппе кітабын табыс еткен. Білім күніне арналған Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай мемлекетіміздің даму тарихы, жеткен жетістіктері туралы "Тәуелсіздіктің жетістіктері" тақырыбында сынып сағаттарымен жалғасқан. "Назар аударыңыз, бағдаршам!" он күндігі аясында "Жол тәртібін білейік" тақырыбында кездесу, «Абай–дана, Абай–дара» тақырыбында,Ф.Оңғарсынованың туғанына 81 жыл толуына орай, Ахмет Байтұрсыновтың 150 жылдығына орай онкүндік ұйымдастырылған. 18-наурыз күні «Құтты болсын әз Наурыз!» тақырыбында, 1-мамыр мерекесіне орай «Ынтымағы жарасқан елдің ұланымыз!» тақырыбында іс-шара өткізілген.Отбасы күніне орай «Бақытты отбасы-бақытты ел!» тақырыбында қалалық білім бөлімімен бірлескен іс-шара өткізген. «Бақытты отбасы-зорлық зомбылықсыз әлем» тақырыбында іс-шара өткізілген.«Әжемнің ертегісі есімде» челлендж, бейнероликтер байқауы, «Мен отбасыммен мақтанамын» тақырыбында ұйымдастырылған. «Ата-ана жұмысындағы 3 күн» «Еңбек адамының 1 күніне саяхат» тақырыбында әлеуметтік жобалар бойынша жұмыстар атқарылған. «Жасыл аймақ» көгалдандыру іс-шарасын жасап өткізілген. Қазақтың халық ақыны Жамбыл Жабаевтың 175 жылдығына 5-7 сынып оқушылары арасында мәнерлеп оқу сайысы ,Әлихан Бөкейхановтың 155 жылдығына іс шара, Мұқағали Мақатаевтың 90 жылдығына арналған апталықтар өткізілген. «Сүйікті қалам-Қызылорда!» тақырыбында «Ұшқыр ой алаңы» – оқушылардың дебаттық қозғалысы

ұйымдастырылған. «Денсаулық» апталығы ұйымдастырылып, оқушылар арасында эстафеталық сайыстар мен челленджер өткізілген. «Отбасы-бақыт мекені» атты «Әкем, шешем және мен» жанұялық эстафетаны ұйымдастырылған.2022-2023 оқу жылында тәрбие ісінің жылдық жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығына 2- қосымша, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу – тәрбие жүйесі білім берудің барлық деңгейлерінде бірыңғай идеологиялық және құндылықтар тәсілдерінен құралған. Тәрбие мақсаты - орта білім беру ұйымдарында тәрбие жұмысын ұйымдастыруды реттейтін нормативтік құжаттарды ескере отырып, жаңа оқу жылында тәрбие жұмысын ұйымдастырудың басым бағыттары қарастырылған. Оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру кезіндегі басымдықтар білім алушылардың әл-ауқатын қамтамасыз ету, баланың жеке басына құрмет пен сенім, балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету, оларды кемсітушілікке жол бермеу, жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлғаны тәрбиелеу. Өзін-өзі дамыту , оқушылардың жеке басының өзін-өзі анықтауы, олардың қоғамдағы сәтті әлеуметтенуі үшін жағдай жасау. Міндеттері бар. Тәрбие қызметінің басым бағыттары: 1.Жаңа Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие. 2.Рухани-адамгершілік тәрбие 3.Ұлттық тәрбие. 4.Отбасылық тәрбие. 5.Еңбек экономикалық және экологиялық тәрбие. 6.Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие. 7.Зияткерлік тәрбие , акпараттық

мәдениет тәрбиесі. 8.Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты. Тәрбиенің 8 бағыты бойынша ата-аналар арасында түрлі шаралар, оқушылар арасында сынып сағаттары өткізілген. Осы аталған бағыттар бойынша іс – шаралар жоспары құрылып, құрылған жоспар бойынша жұмыстар жүзеге асырылып отырған. 1 қыркүйек – білім күніне орай «Білімге ұмтылу,еңбексүйгішті және патриотизм» салтанатты шара өтіліп, «Тіл мәртебесі-ел мерейі» , Ахмет Байтұрсыновтың туғанына 150 жылдығына байланысты оқушылар арасында өздерінің дайындаған презентацияларын қорғаудан сайыс, «Отбасы-тәрбиенің басты ұясы» тақырыбында мектепшілік ата-аналар жиналысы, «Кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылық және зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында түсіндірме жұмыстары, «Абайлаңыз,балалар!» тақырыбында жол қозғалыс ережелері мен жолдағы қауіпсіздік туралы І-ІІ сыныптар арасында сынып сағаттары, «Ұстаз аты биік, әрі мәңгілік!» атты мерекелік іс-шара, Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық» тақырыбында бірыңғай сынып сағаттары, «Жасөспірімдер арасында буллинг, кибербуллингтің алдын алу» тақырыбында сала мамандарымен кездесу сағаты, «Қарттарым-асыл қазынам» тақырыбында қалалық ардагерлер кеңесімен кездесу кеші, І-наурыз – алғыс пен ризашылық күніне арналған «Алғыс айту парызым» тақырыбында мерекелік шара,«Ана-гүл, ана-жыр, ана-өмір шуағы» тақырыбында облыстық ардагерлер кеңесімен мерекелік құттықтау шара, «Бұрым сәні-сұлулық мәні» тақырыбында тәрбие сағаты, «Қош келдің әз Наурыз!» тақырыбында онкүндік, «Бірлігі жарасқан қазақ елі!» тақырыбында мерекелік іс - шара «Бақытты отбасы- зорлық-зомбылықсыз әлем» тақырыбында іс-шаралар, «Бір әкенің тәрбиесін 100 мектеп бере алмайды» тақырыбында әкелер кеңесімен кездесу сағаты,«Адал және сатылмайтын еңбек бейнесі» сурет байқауы ұйымдастырылған. «Атилла» дебат клубы «Қазақстан – Бақытты балалар мекені» тақырыбында пікірсайыс турнирін, Қазақтың халық ақыны Жамбыл Жабаевтың 175 жылдығына 5-7 сынып оқушылары арасында мәнерлеп оқу сайысы ұйымдастырылған. Мектептегі «Балалар және театр» жобасы бойынша бастауыш сынып оқушыларымен «Ертегі әлемінде» тақырыбында байқау ұйымдастырылған. «Жаңа жылдық шырша жанында»,«Әлемді тербеткен Ана!»,«Әлихан Бөкейхановтың 155 жылдығына апталықтар ,«Астана-әсем қала!» Астана қаласының 22 жылдығына Наурыз-жыл басы!» мерекелік шаралар өткізілген. 2023-2024 оқу жылында жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу. Аталған бағыттар бойынша іс – шаралар жоспары құрылып, балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, «Төрт тоқсан-төрт өнер», «Тоғыз айға тоғыз шара», «Балалар кітапханасы» жобалары құрылып, жоспар бойынша жүзеге асып отырған. 1 қыркүйек- Білім күні мерекесіне орай "Әділетті Қазақстан: адал ұрпақ, сапалы білім, табысты ұлт" тақырыбында мерекелік шара өткізіліп, І-ІІ сынып оқушыларына «Мектебім – мейірімділік мекені» атты тәрбие сағаты өткізілген. Қазақстан халқы тілдер мерекесіне орай "Мәңгілік ел - мәңгілік тіл" атты апталық ұйымдастырылған. Республиканың барлық елді мекендеріндегі жалпы орта білім беру ұйымдарында "Дене сергіту" челленджі болып өткен. "Жол тәртібін жадында ұста" атты апталық аясында апталықтың ашылуы болған. "Жол тәртібін жадында ұста!" бастауыш сыныптар апталығы аясында сурет салу сайысы өткен. Қызылорда қаласының 85 жылдығына орай мереке қарсаңында І-ІІ сыныптарда қыркүйек айының ІІ-ші жұлдызында "Мен және менің қалам" атты тәрбие сағаттары өткізілген. Оқушыларға туған өлке Қызылорда жайлы кеңінен мәліметтер беріліп, Сыр елінің көрнекті жерлері мен айшықты әсем орындары оқушыларға көрнекіліктер мен видеожазба арқылы таныстырылған. «Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу» тақырыбында ата-аналар жиналысы өткізілген. «Төрт тоқсан-төрт өнер» жобасы аясында айтыс өткізілген. Ұстаздар күніне орай ІІ-сынып оқушылары дублер күнін өткізген. «Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу», «Оқушылар арасында нашакорлықтың алдын алу» мақсатында СӨСҚ мамандарымен кездесу өткізілген. «Балалар кітапханасы» жобасы аясында «Бір отбасы – бір кітап» шарасы өткізілген.

	«Тоғыз айға тоғыз шара» жобасы аясында «Отбасы күні» мерекесіне орай 1-11 сыныптарда жаппай тәрбие сағаттары өткізілген. Темірбек Қараұлы Жүргеновтың туылғанына 125 жылдығына орай «Ұлтын ұлы биіктерге көтерген тұлға-Темірбек Жүргенов» тақырыбында кездесу кеші өткізілген. «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша 2023-2024 оқу жылына арналған кешенді жоспарына сәйкес, "Кідіріс жасап, айналаңа қара. Өткенді сараптап, келер күнді бағамда" тақырыбында 5-9 сынып оқушылары арасында сыныптан тыс іс-шара өткізілген. «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша «Ғаламтор қауіпсіздігі» жобасы негізінде «Отбасы мен мектептің бала тәрбиесіндегі орны» тақырыбында мектепішілік ата-аналар жиналысы өткізілген. Білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дамытуға бағытталған тәрбие жұмысы талапқа сай жүргізілген.
	ҚОРЫТЫНДЫ: «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы 2-қосымша 1-тарау 3-тармақ 5) тармақша, 3-қосымша 2-тарау 15-тармақ, 4-қосымша 2-тарау 16-тармаққа сәйкес келеді.
12.4	білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтығында сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру; Талдау нәтижелері: 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары білім алушыларға рухани – адамгершілік, көркем-эстетикалық бағытта тәрбие беру, жеке тұлғалық қабілеттерін дамыту мақсатында жұмыстар жасалған. Тәрбие жұмыстарының жоспары жасалып бекітілген. Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері бойынша зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесінің бағалау критерийлері қызығушылығы бойынша үйірмелер жүргізуді көрсетеді. Үйірме жұмыстары сабақтан тыс уақытта іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастырылуы, сабақтан тыс жұмыстардың жасалған және бекітілген кестесі ұсынылған. 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары білім алушыларға рухани – адамгершілік, көркем-эстетикалық бағытта тәрбие беру, жеке тұлғалық қабілеттерін дамыту мақсатында, қоғамдық-саяси сауатын күшейту бағытында мектеп жанынан ашылатын үйірмелер жайлы мәлімет ұсынылған. 2021-2022 оқу жылындағы тәрбие жоспарына жүйелілік жасап, қателіктерді жою жұмыстары жүргізілген. Жылдық жоспары бес күндік жұмыс кестесіне сай жасалынған. Сынып жетекшілердің жылдық жоспарлары жасалынып, бекітілген. Үйірмелер мектепішілік, мектептен тыс жүргізіледі. Қатысатын оқушылардың мәліметі жасалған. 2021-2022 оқу жылында 10 үйірме жұмыс жасаған. Атап айтсақ, футбол(ұлдар), асық,тоғызқұмалақ, волейбол(қыздар),ұлттық ойын(ләңге),гір(қол күрес),жеңіл атлетика,теннис,дойбы,ұлттық ойын(бес асық) үйірмелер . Бұл спорттық үйірмелерге кесте жасалынып уақыттары белгіленген. Аптасына үш сағат өткізіледі. Үйірмеге жауаптылар дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері. 2022-2023 оқу жылында 20 үйірме жұмыс жасаған. Тоғызқұмалақ, волейбол(қыздар,ұлдар),ұлттық ойын(бес асық),асық ату,үстел тенісі үйірмелері Пәндік үйірмелер «Зерде» , «Жас тілші» ,«Сөз өнері» , “Speak English”,«Жас тарихшы», «Роботехника», », «Қызықты математика», «Жас физик», «Жас химик», «Жас биолог», «Шебер қолдар», домбыра үйірмелеріжұмыс жасаған. 2023-2024 оқу жылында 6 үйірме жұмыс жасаған. Тоғызқұмалақ, волейбол(қыздар,ұлдар),ұлттық ойын(бес асық),асық ату,үстел тенісі үйірмелері жұмыс жасаған. 2021- 2022 оқу жылы бойынша – 10 үйірме, қамтылған бала саны – 202. 2022-2023 оқу жылы бойынша – 20 үйірме, қамтылған бала саны –245. 2023-2024 оқу жылы бойынша - 6 үйірме,қамтылған бала саны –150. Мектеп бойынша спорттық, шығармашылық және мәдени конкурстарға, жарыстарға, фестивальдер мен байқауларға қатысу нәтижелері бар. Оқушылар арасысында дзюдо күресі Республикалық турнирі ІІ орын, «Қыран елім-Қазақстаным» тақырыбындағы облыстық сурет байқауы ІІ орын, «Балалық шақтың балғын естеліктері» тақырыбындағы аймақтық мектептер арасында ұйымдастырылған сахналық қойылым

	сайысы ІІІ орын, Ұлттық пікірсайыс турнирінің қалалық кезеңі ІІІ орын, Сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыруда бағалау критерийлері аясында іске асыру механизмдерін жетілдіру қажет. Тәрбиенің мақсаттары мен тәрбие жұмысының білім беру процесінде, сабақтан тыс және бос уақытта іске асырылады.
	ҚОРЫТЫНДЫ: «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы 2-қосымша 2-тарау 5,7-тармақ, 3-қосымша 2-тарау 16-тармақ, 4-қосымша 2-тарау 17-тармаққа сәйкес келеді.
12.5	білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, бейінді оқытуды іске асыру (оқытудың тереңдетілген және стандартты деңгейі); Талдау нәтижелері: 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктері ескеріліп жаратылыстану- математикалық бағытта жүргізілген. 2021-2022 оқу жылында 2 сынып жаратылыстану-математикалық бағытта, 2022-2023 оқу 2 сынып жаратылыстану-математикалық бағытта, 2023-2024 оқу жылында 3 сынып жаратылыстану-математикалық бағытта оқыту жүргізілген. Жұмыс оқу жоспары, сабақ кестесі жасалып бекітілген. Оқу бағдарламалары әзірленіп, күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары жасалған. Сынып журналдарында теориялық, практикалық сабақтар көрсетілген. Педагогикалық кеңесте қаралған. 2021-2022 оқу жылында жалпы орта білім беруде 2 сынып, 80 сағат апталық жүктеме берілген, 2022-2023 оқу жылында жалпы орта білім беруде 3 сынып жинақталып 104 сағат апталық жүктеме берілген, 2023-2024 оқу жылында жалпы орта білім беруде 6 сынып жинақталып 214 сағат апталық жүктеме берілген, апталық жүктеме үлгілік оқу жоспарға сәйкес бағыттар бойынша беріліп, бекітілген. Оқу жылдарында білім алушылардың өтініштері бойынша қажеттіліктері ескеріліп бейінді оқыту іске асырылған. 2021-2022 оқу жылында 2 сынып жаратылыстану-математикалық бағытта оқытылған. Вариативтік компонентінен 10 сынып лицей сыныбы кәсіпкерлік бизнес – 2 сағат, химия – 3 сағат, география – 3 сағат, оқу сауат-1 сағат, матем.сауат-1 сағат, АӘД-1сағат, тарих-2 сағат, география-1 сағат, биология-1 сағат, спорттық ойын-1 сағат, лицейлік компонент- матем сау-1 сағат, физика (ағыл)-1 сағат, физика -1 сағат, биология-1 сағат, химия-1 сағат; 11 сынып лицей сыныбы кәсіпкерлік бизнес – 2 сағат, физика – 3 сағат, биология – 3 сағат, оқу сауат-1 сағат, химия-1 сағат, геогр-1сағат, тарих-2 сағат, география-1 сағат, химия-1 сағат, спорттық ойын-1 сағат, лицейлік компонент- матем сау-2 сағат, , физика -1 сағат, биология-1 сағат, ДЖТ-1 сағат пәндеріне бөлініп оқытылған. 2022-2023 оқу жылында жалпы орта білім берудің жұмыстық оқу жоспары бойынша 10 сыныпта инвариантты компонент бойынша міндетті пәндерге жаһандық құзыреттілік –1 сағат, алгебра – 1 сағат, лицей сыныптарда 10 сынып ДЖТ –2 сағат, география – 2 сағат, биология – 1 сағат, химия – 2 сағат, жаһандық құзыреттілік – 1 сағат, спорттық ойын – 1 сағат. Тереңдетілген пәндер: алгебра – 1 сағат, биология – жаратылыстану пәндерін ағылшын тілінде оқыту – 1 сағат, информатика (робототехника) –1 сағат, ағылшын тілі – 1 сағат, география – 1 сағат;лицей сыныптарда 11 сынып ДЖТ –2 сағат, география – 2 сағат, химия – 2 сағат, жаһандық құзыреттілік – 1 сағат, география-1 сағат, спорттық ойын – 1 сағат. Тереңдетілген пәндер: химия– 1 сағат, биология– 1 сағат, физика – жаратылыстану пәндерін ағылшын тілінде оқыту – 1 сағат, информатика (робототехника) –1 сағат, ағылшын тілі – 1 сағат пәндеріне берілген. 2023-2024 оқу жылында жалпы орта білім берудің жұмыстық оқу жоспары бойынша 10, 11 сыныптарына инвариантты компонент бойынша міндетті жаһандық құзыреттілік– 4 сағат, физика – 8 сағат, география – 3 сағат, химия – 1 сағат, орыс тілі – 4 сағат, Спорттық ойын – 4 сағат, лицей сыныптарда 10 сынып ДЖТ –1 сағат, кәсіпкерлік бизнес – 1 сағат, география – 2 сағат, химия – 2 сағат, жаһандық құзыреттілік – 1 сағат, орыс тілі-1 сағат, спорттық ойын – 1 сағат. Лицейлік компонент: биология – 1 сағат, информатика (робототехника) –1 сағат, ағылшын тілі – 1 сағат, физика – 1 сағат;

	11 сынып ДЖТ –1 сағат, кәсіпкерлік бизнес – 1 сағат, география – 2 сағат, химия – 2 сағат, жаһандық құзыреттілік – 1 сағат, орыс тілі-1 сағат, спорттық ойын – 1 сағат. Лицейлік компонент: информатика – 1 сағат, информатика (робототехника) –1 сағат, ағылшын тілі – 1 сағат, физика – 1 сағат;берілген. Оқу жылдарында білім алушылардың өтініштері бойынша қажеттіліктері ескеріліп бейінді оқыту іске асырылған.
	ҚОРЫТЫНДЫ: «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы 4-қосымша 2-тарау 13,14,24-25, 28-тармаққа сәйкес келеді.
12.6	Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып оқыту процесін ұйымдастыру; Талдау нәтижелері: Оқу жылдары ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушыларды оқыту ұйымдастырылған. Мектепте ПМПК-ның қорытындысымен үйден оқытылатын оқушылар анықталған. Қорытындыларына сәйкес оқушыларға ата-анасымен байланысып пән мұғалімдерімен байланысып әр оқушыға типтеріне байланысты сабақ кестесі жасалған. Үйден оқитын оқушыларға бірнеше психологиялық көмек көрсету, баланың қызығушылығын, мінез-құлқын, танымдық процестерін дамыту, есте сақтауды, ойлауды және де баланы қоршаған ортамен қарым-қатынасын білу арқылы ойларын дамыту мақсатында түзету-дамыту жұмыстары жүргізілген. 2021-2022 оқу жылы ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушыны оқыту ұйымдастырылған. 2021-2022 оқу жылында 3 оқушы үйден, 2 оқушы инклюзив оқиган. 2022-2023 оқу жылында 8 оқушы үйден, 4 оқушы инклюзив оқыған, 2023-2024 оқу жылында 6 оқушы үйден, 3 оқушы инклюзив оқиган, дәрігерлік-кеңес комиссиясының және психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңесінің қорытындылары негізінде денсаулық жағдайына байланысты ұзақ уақыт бойы білім беру ұйымында оқи алмайтын оқушыға бұйрық шығарылып, үйде ақысыз жеке оқыту және бейімделген жалпы білім беру бағдарламасы бойынша мектепте ұйымдастырылған. 2021-2022 оқу жылында 34 сағат, 2022-2023 оқу жылында 57 сағат, 2023-2024 оқу жылында 85 сағат апталық жүктеме бөлініп, жеке жұмыс жоспары мен бағдарламасы бекітілген. 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарында сабақ кестесі бекітілген. Ерекше білім алуды қажет ететін оқушыларға сабақ беретін пән мұғалімдеріне сүйемелдеу жұмыстары жүргізілген. Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып оқыту процесі ұйымдастырылған. Білім алушының білім алуы, даму бұзушылықтарының түзетілуі және әлеуметтік бейімделуі үшін қажетті жағдайлар жасалған. Апталық жүктеме бөлініп, жеке жұмыс жоспары мен бағдарламасы, сабақ кестесі бекітілген. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына сәйкес апталық жүктеме берілген. Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар бойынша құжаттар толықтығы қамтамасыз етілген.
	ҚОРЫТЫНДЫ: «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы 2-қосымша 1-тарау 4-тармақ, 4-тарау 45-тармақ, 3-қосымша 4-тарау 61-тармақ, 4-қосымша 4-тарау 55-тармаққа сәйкес келеді
